

№14 “Шолпан” бибекжай-бақшасы

Армысың, Әз Наурыз!

*Тәрбиеші: Ж.Тәти
Қайрова А*

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін: 
Әдіскер: К.Байқадамова
«18» «03» 2022 ж

Музыка залына бір бала кіреді

Елдар: Келіңіздер келіңіздер!

Ұлыстың ұлы күні Наурыз тойын көріңіздер!

Жүргізуші: Наурыз тойы, көңіл тойы, көктем тойы,

Жақсылық болса дейтін өмір бойы.

Биылда былтырғыдай ақ көбейсін,

Елдегі бақыт байлық бақ көбейсін.

Наурыз құтты болсын ағаларға,

Наурыз құтты болсын аналарға.

Жыл сайын тойлайтын мәңгі бақи,

Наурыз құтты болсын баршамызға!

Міне, көптен күткен Ұлыстың ұлы күні тыныштық пен бейбіт күннің есігін ашып,
Наурыз жаңа жыл келіп жетті. Осындай керемет күні екі ауыл тұрғындарының
бастарын қосып тойлағалы едік. Өздері кешіккелі жатыр.

(Музыка әуенімен балалар билеп кіріп отырады)

Жүргізуші: Армысыздар Қуандария ауылының тұрғындары! Амансыздарма Жаңақала
ауылының тұрғындары! Басқан қадамдарыңыз оң болсын. Бүгінгі біздің «Армысың, Өз
Наурыз» атты ертеңгілімізге қош келдіңіздер.

Жиналдық наурыз тойға бәрімізде

Үлкен кіші жасымыз кәрімізде.

Ән мен күйді жыр мен биді шалқытып,

Өнерлерін інжу маржан шашайық – деп отырып бүгінгі

ертеңгілігімізді такпақтардан бастайық.

Альбина: Жыл басы – Наурыз мереке,

Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды!

Жанерке: Жылдың басы Наурыз,

Жердің басы Наурыз.

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр- әніміз.

Нұрлыхан: Елім менен жеріме,

Ырысын шашқан Наурыз.

Күлімдеген көктемге,

Шуағын шашқан Наурыз.

Іңкәр: Жеті түрлі дән салып,

Дәм татқызған Наурыз.

Жақсылық тілеп халыққа,

Молшылық әкелсін Наурыз.

Марлен: Уа, ағайын халайық,

Мұнда назар салайық!

Мерекесі халықтың

Наурыз тойын бастайық!

Айт: Наурыз айы келгенде,
Шуағы шашылып,
Ылғалардан су ағып,
Ақ әжелер құлпырып,
Наурыз көже пісіріп,
Қонақтарға тартамыз.

Нұрдидар: Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Айбике: Наурыз тойы — тамаша,
Наурыз тойы — жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Бибарыс – Сұлтан: Наурыз тойы — салтанат,
Наурыз тойы — мархабат.
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Бибарыс: Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген
Мейрамы ежелден –
Құтты болсын, Наурыз!

Бөлеген: Наурыз – бұл мереке
Құтты болсын береке
Қыдыр ата келсін
Жаксы тілек әкелсін.

Жансұлу: Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде карап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық!

Ерзат: Той думанға келіңіз,
Тамашалап көріңіз,
Ән айтайық бәріміз,
Қол соғайық бәріміз!

Әмина: Наурыз тойы – елдің тойы,
Көктем тойы – төлдің тойы.
Ән айтатын күні бойы
Жаксы көрем Наурыз тойын!

Ән: «Наурыз көктем»

Жүргізуші: Ей балалар, балалар,
Енді маған қарандар.
Наурызды тойлайық,
Қызық ойын ойнайық.

- Қане екі ауыл тұрғындарының жігіттерінің күштерін сынап көрейік.

Ойын: «Аркан тарту»

Жүргізуші: Рахмет! Екі ауылдың жігіттерінің күштері мықты екен.

Жүргізуші: Наурыз тойында өнерлі адамдар өз өнерлерін көрсетеді. Міне біздің аламызда да өнерлі ақындарымыз бар екен. Қуандария ауылынан келген Бибарыс атты ақынымыз бен Жаңақала ауылынан келіп отырған Альбина атты ақындарымызды қошеметпен қарсы алайық.

Айтыс:

Екі ақын: Оу, халайық, халайық,

Әсем әнге салайық.

Наурыз тойын көңілді,

Бірге қарсы алайық.

Қыз: Айтысуға өзіңмен,

Шығып тұрмын алдыңа.

Айсары ауылынан келген,

Альбина ақын мен болам.

Ұл: Меніменен айтысар,

Балтылдығың бар екен.

Таныстырсам өзімді,

Алмат ақын мен болам.

Қыз: Бәтеңкеннің бауында,

Байлай алмай жүруші ең.

Үйрендіңбе жейденнің,

Теріс қарай киюші ең.

Ұл : Құрбым кімге күлесің,

Өзің нені білесің.

Онға дейін киналып,

Санай да алмай жүруші ең.

Екі ақын: Ұлы наурыз бәріңді,

Татулыққа шақырған.

Токтатпасак айтысты,

Сөз қалған ба ақыннан.

Жүргізуші: Екі ауылдың ақыны бүгінгі айтыста жақсы айтысты. Рахмет сіздерге!

Жүргізуші: Біздің хадқымыздың көптеген дәстүрлері бар. Осы салт дәстүрлеріміздің ішінен «Балаға ат қою» рәсімін тамашалаңыздар.

Көрініс: «Балаға ат қою»

Жыл ~~Ата:~~ Әй ~~байжан~~ бүгін немеремізге азан шақырып ат қояйық. Жаңа барып көрші
Думан ақсақалды шақырып келдім.

Келін ~~Әже:~~ Дұрыс айтасың ~~нең~~. *ана*
Думан ақсақал: Ассалаумұғалейкум!

Жыл ~~Ата:~~ Уағалейкум ассалам! Төрлетіңіз! Немеремнің атын қояды ақсақал сізге жолдап
жатырмын.

Әже: Әй келінжан, немеремді ақсақалдың алдына әкел.

Думан Ақсақал: Сенің атын Наурызбек,

Сенің атын Наурызбек,

Сенің атын Наурызбек!

Әкеннің аты Қадірбек,

Атаңның аты Иманбай,

Анаңның аты Айғаным!

Ал енді батамды берейін:
Бөбектің бауы берік болсын,
Өскен сайын өрелсін,
Еш жамандық көрмесін,
Жасы ұзақ, мың болсын. Әумин

Ата: Әмин айтқаныңыз келсін.

(Музыка залына әже кіреді)

Әже: Сәлеметсіздерме! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! (Шашу шашады)

Жүргізуші: Сәлеметсізбе әже! Біздің мерекемізге қош келдіңіз, төрлетіңіз үстел басына жайғасып отырыңыз.

Әже: «Бесікке салу» рәсімін көрсетті

Жүргізуші: Өлең сөздің патшасы ән сарасы,
Елдің көңілін көтерер ел данасы.
Тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп,
Назар қойып тыңдаңдар ән жолдауын.

Ән: «Алақай, Наурыз»

Жүргізуші:

Сымбатты да өнерлі,
Қайратты да жігерлі.
Біздің топтың балалары,
Қара жорға билейді.

Би: «Қара жорға»

Жүргізуші: Міне балалар біз сендермен ойын ойнадық, би биледік ән де айттық мерекеміз аяқталып жатыр. Ендеше ақжаулықты әжемізден бата сұрайық. 17

Әже: Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын.

Қайда барса жол болсын,

Ұлыс бакты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.

Ұлыс береке әкелсін,

Бәле-жала жерге енсін!

Жүргізуші: Балалар наурыздың ең басты тағамы қандай тағам?

- Наурыз көже неше түрлі дәмнен жасалады? Ендеше наурыз көженің қалай дайындалатынын ортаға шығып Айгерім айтып береді.

Іңкәр: 7 деген сан киелі сан. Қазақ киелікке ырымшылыққа аса мән берген. Наурыз көже жет түрлі дәмнен жасалады: оған қойдың басы, сүт, езілген малта құрт, бидай немесе тары, күріш сияқты дақылдар қосады.

Жүргізуші: Рахмет саған Іңкәр, енді наурыз көженің қалай дайындалатынын білдік

Жүргізуші: Жаңғыртқан дәстүрімді рахмет елім,

Тербетсін шаттық ән қазақ жерін.

Той бастаған кадамын құтты болсын,

Жалғайтын дәстүрімді байтақ елім.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,

Денеміз сау, мықты болсын.

Еліміздің несібесі көп болсын,

Дәстүрлі наурыз тойы құтты болсын!

